

«Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім
бөлімі Құмай ауылының негізгі орта мектебі» КММ

Тәрбие жұмысының 2023-2024 оқу жылы бойынша
жылдық тазалау есебі

«Құмай ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мектепінде тәрбие жұмысының жылдық жоспары «Айртұтас тәрбие»
бас тәрбиесі мен «Ақыл-ой» бағытымен жүргізіледі.

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойынша
өмір сүру ерекшеліктері, адал, қамқор, жанашыр адамзатты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ала мақпалды ақылға тандықта, ерлікке татулық пен берекесін
қалыптастыруға тәрбиелік шаралармен өмірге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұрамызды қалыптастыруға қажетті, мемлекеттік
рәсімдерді құрметтеуге, татулық, қамқор, адалдық және өз
бірлеріне шынайы, отанына адал мен мемлекетшілдікке
тәрбиелеу.
3. Жанын шыңдау, өміріне бейтараптық, абыройсыз болуды, ару-ждан,
адалды, жанашырлық, шеберлік пен, қамқорлық пен адалды
қасиеттерін жоспарлы ұстауға баулу және құндылық бағдарлармен
қалыптастыру.
4. Денсаулықты қалыптастыру, санитария мен салттық ұстауға, ойды
аңғырту және жинақылықты тәрбиелеу мақсаты баулу.
5. Ийемділік, адалды мұрамыз құрметтеуіне қарауға және тибеті
рәсімдерін ұстау мақсаты арнаны қолдануға тәрбиелеу және
абыройсыздық баулу.

2023-2024 оқу жылында арнайы жоспарда тәрбие саласы бойынша
бірінші жұмыстар атқарылды. Онда Қазақстан Республикасының «Білім
заңы», Ішкі Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Білім және ғылым
министрінің бұйрықтары, облыстық білім департаменті, аудандық білім
бөлімінің құжаттары, екібас аудандықтары мен нормативтік құжаттық
актілері, мектеп ережесі мен жаңысы басшылыққа алынды. Жыл басында
тәрбие саласына құнды құжаттарды және халықаралық мерекелер мен
ауыл күндері сияқты жетекшілерге берілді. Оның мақсаты жұмысты
жүйелі, жауапкершілікті ұстауға, ақпараттық материалдарды жинақтау
мен қатар жыл қауіпсіздік ережелерін насихаттау, құқық
бұзғышының алдын алуға ұйымдастыру шаралары, суицидтің алдын-
алу жұмыстары мен ерте жүктелудің алдын-алу шаралары кезінен
жоспарланды. Мектеп жинақылығымен «Мектепке жол» акция аясында
бірлесіп атқаратын жұмыстардың көлемі бекітілді.

1. Тқыркүйек – білім күні, Саптанатты жылы және «Мектеп

«1 қыркүйек – Білім күні» мерекесіне арналған мектепте «Алғашқы қоқырау!» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді. Биылғы оқу жылында санитарлық талаптарға сай, 0-сынып оқушылары мектеп тазалығын аттады. Мерекелік салтанатты жиын сағат 10.00-де басталы. Жиынымыз Қазақстан Республикасының Гимнімен ашылды. Мектеп директоры Мұса Еркегүл құттықтау сөз сөйлеп, бүлдіршіндерді бүгінгі мерекелерімен құттықтап, жиын қонақтарымен бірге 1 сынып оқушыларына Алаштың көрнекті қайраткері, ағартушы-ғалым, ұлт ұстазы, әліппенің атасы Ахмет Байтұрсынұлының тұңғыш «Әліппе» оқулығын тапсырды. Директордың оқу және тәрбие жөніндегі орынбасарлары мектеп оқушыларын, ата-аналарды және ұстаздарды жана оқу жылының басталуымен құттықтап жылы лебіздерін білдірді. 2-9 сыныптарда «Мектеп – мейірім мекені» атты тәрбие сағаттары өткізілді.

2. 5 қыркүйек - ҚР халықтарының Тілдері күні.
А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар

5 қыркүйек күні еліміздің елеулі мерекелерінің бірі - Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күні. 1989 жылы 22 қыркүйек күні "Тіл туралы" заң қабылданған болатын. Тіл мерекесінің 5 қыркүйек болып белгіленуінің де өзіндік себебі бар. Бұл күн - "Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы - тіл" деп ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры, тілі үшін күрескен Алаш арысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Енді барша қазақстандықтар қазақ әліппіінің негізін салған ғалымның туған күнінде Тіл мерекесін тойлайтын болады.

3. «Сергіту сәті» Республикалық челленджі. (9 ай-9мейрам)

Мектебімізде 2-9 сынып аралығында дене шынықтыру пәні мұғалімі Мустафин Е.Т. ұйымдастыруымен өткен сергіту сәті.

4. «Отбасы-бақыт мекені» Отбасы – күніне арналған іс -шаралар
Іс-шара барысында 2-4 сынып жетекшілері «Отбасы - бақыт мекені» тақырыбында сынып сағатын өткізді. Оқушылар арасында фотоколладж көрмесі өткізілді. 5-9 сынып арасында «Отан отбасынан басталады» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. 5-9 сынып аралығында «Мен бақытты жанұяның баласымын» тақырыбында ЭССЕ

жазылды. Іс-шараға барлық 2-9 сынып оқушылары мен ата-аналары қамтылды

5. Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама **Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл.**

«Оқуға күштар мектеп» жобасы бойынша кітап көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылар буклеттер жасады. Ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің өмірбаянымен, атқарылған жұмыстармен танысты. Өткізген: : Баєтова Н.Қ

6. **Салауатты өмір салтын насихаттау «Мектеп спорты апталығы» «Спорт ойындары күні» спорттық акция.**

Оқушылар арасында спорт ойындары, жарыс ұйымдастырылды. Спорт пайдасы туралы қабырға газеттері жасалынды. Өткізген Мустафин Е.Т.

7. **«Қауіпсіз мектеп ортасы» акциясы** (кибербуллингтен қорғау, зорлық-зомбылықтың, жарақаттардың алдын алу)

Оқушыларға құқықтық тәрбие беру, құқықбұзушылықтың, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында келесі іс-шаралар атқарылды: 1-4 сынып жетекшілері «Қылмыссыз балалық шақ», 5-9 сынып жетекшілері «Тұрмыстық зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» тақырыптарында сынып сағаттанын өткізді. Мектеп психологы оқушылардан сауалнама алды.

8. **Қарттар күніне арналған іс-шаралар** («Еңбегі адал жас өрен» жобасы, қамқорлық акциясы) *Мерекелік кеш, қамқорлық акциясы*

Іс-шара барысында Жас Ұлан Ұйымының аға Тәлімгері («Еңбегі адал жас өрен» жобасы, қамқорлық акциясын ұйымдастырды. Ауылдың қарияларына барып құттықтап, жалғыздікті қариялардың ауласындағы жұмыстарына қол ұшын тигізіп, көмектесе, бастауыш сынып мұғалімі Жұмабек Таншолпан **«Қарттарым-асыл қазынам»** атты меркелік концерт ұйымдастырды. Іс-шараға ауылдың ардагер қарияларын шақырылды, іс-шара мектеп директоры Мұса Е. құттықтау сөзімен басталды. Жиынымыз әрі қарай 1-9 сынып оқушыларының дайындаған мерекелік шашуына ұласты, оқушыларымыз ата-әжелерге арнап ән салып, би билеп, өлең арнап өз өнерлерін көрсетті. Жиын соңында қариялар оқушыларға бата беріп жылы лебіздерін білдірді. Іс-шараға 1-9 сынып оқушылары түгел қамтылды.

9. 5 қазан – Ұстаздар мерекесі аясында «Дублер күніне» арналған іс-шаралар ұйымдастырылды.

«Дублер күні» өткізу туралы бұйрығын шығарып, мектеп директорының дублері лауазымына кандидатура ұсынылып бастамашыл топ құрылып, жауаптылар бекітілді. ДТЖО Аюбекова Г.Т. оқушыларды дублер күнінің штаттық кестесімен таныстырды. Өзін-өзі басқару ұйымынан құрылған жауапты топ 1-7 сыныптар мен ұстаздарға сабақ берді. Аюбекова Г.Т. және тәлімгер ұйымдастырылуымен «Ұстаз деген жарқын күні ғаламын» атты мерекелік концерт өткізілді. 1-9 сынып жетекшілері «Ұлылықтың бағында ұстаз тұрап!» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. Іс-шараға 1-9 сынып оқушылары мен мектеп ұжымы түгел қамтылды.

10. «Әнұран орындау» Республикалық челенджі (9 ай-9 мейрам)

Мектебімізде 2-9 сынып аралығында тәлімгер әнұран орындау челенджі өткізілді

11. 25 қазан Республика күніне орай іс-шаралар ұйымдастырылды.

«Мектептің өзін-өзі басқаруы» Мектеп парламентінің президентін сайланды. 2-9 сыныптарда «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Сынып сағаттары жоғары деңгейде өтті. 2-4 сыныптар арасында «Қазақстан еліне саяхат» 2-4 сынып оқушылары салған суреттер көрмесі ұйымдастырылды. 5-9 сыныптар «Қазақстан-достық мекені» қабырға газет шығарды. Кітапханашы Баєтова Н.Қ. оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Отанымыз» атты кітап көрмесін ұйымдастырды. Іс-шараға барлық 2-9 сынып қыздары қамтылды

12. «Алтын күз» мерекесі.

Алтын күз мерекесі жарыс түрінде өткізілді. Қатысқан сыныптар: 2-9 сынып. Әр сынып күз ханзадасы мен күз ханшайымын шығарып, өнерлерін көрсету керек болды. Жарыс таныстыру кезеңі, өз өнерін көрсету кезеңі, қол өнер кезеңі және сән үлгісін көрсету кезеңінен тұрды. Әр сынып жоғарғы деңгейде өнер көрсетті. Қол өнерлері тамаша болды. Сән үлгілері таңғажайып болды. Күз ханзадасы мен күз ханшайымы анықталып, марапатталды. Қатысқан оқушылар алхыс хатпен марапатталды. Өткізген: Малигова М

13. «Күзгі қауіпсіздік ережесі» сынып сағаты, ата-аналар жиналысы.

Аюбекова Т.Т. ата-аналар жиналысында өз баяндамасын оқыды. Мектеп психологы ата-аналарды біріктіру мақсатында тренинг өткізді. Сынып жетекшілер сынып бойынша күні қауіпсіздік ережесін түсіндірді. 1 тоқсан бойынша қорытындысы баяндалды.

« 15 қараша-ұлттық валюта күні »орай өткізілген іс-шаралар

Мектепте 3- 4 сыныпта «Ұлттық валюта күні» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Сынып жетекшілері: Малинова М Жұмабек Т

Мақсаты: Оқушыларға қазақ халқының өзіндік тарихы, мәдениеті, рәміздері бар тәуелсіз ел екенін түсіндіріп, ұлттық патриотизм рухында тәрбиелеу, туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.

2 сыныпта «Теңге –тәуелсіздік келбеті» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Сынып жетекшісі: Арыстанова Д

Тәрбие сағаты барысында оқушылар ұлттық төл теңгеміздің тарихымен танысып қажетті ақпараттар алды.

Ұлттық валюта күніне орай өткізілген сынып сағаттары жақсы деңгейде өтті.

«Асық ату» Республикалық чөлөнджі 9ай-9мейрем

Республикалық чөлөнджіте 5-9 сынып ұлдары «Асық ату» бойынша, 4-9 сынып қыздары «Бес асық»бойынша белсенді қатысты. Бұл чөлөнджі таза бәсеке, таза тәрбие. Шеберлікке, мергендікке, батылдыққа, шешімдікке, ырымға ырысқа – тәрбиелейді. Асық ойыны баланың жастайнан жүйке жүйелерін шыңдап, олард дәлдікке, ептілікке, ұстамдылыққа тәрбиелейлі.

Мектепшілік пәндер олимпиадасы

2023 жылғы 20 қараша мектептің оқушылары үшін жалпы білім беретін пәндер республикалық олимпиадасының ашылуы бооды.

Олимпиаданың мақсаты – Қазақстан Республикасының ауылдық жерлердегі мектеп оқушыларының дарындылығы мен қабілеттерін анықтау және қолдау үшін оңтайлы жағдайлар жасау. Мектепшілік пәндер олимпиадасыны қортындысы: оқушылар мадақтамамен марапатталады. Оқушылар дарындылығы мен қабілеттері анықталды.

«Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» науқаны
«Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» науқаны жоспар аясында 2 сынып «Мен зорлық зомбылыққа қарсымын »Тақырыбында тәрбие сағат өтті.

Өткізген : Арыстанова Д.А.

Мақсаты : Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қиеті екенін айту. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтармен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету. Зорлық- зомбылық адам ағзасына тіркелей әсер ететінін түсіндіру. Жаман әдеттерден бойларын

құндық сағатты «өзіндік әрекеттерге бағыттап тәрбиелеу, адамгершілігі мол сананы қалыптастыруға бағыттап өсіруге ықпал жасау» «Білімдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою» Халықаралық күніне қатысты ашық өткізілді. Әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылық – қиярат сипатына ие жаман әлем құқығы бұзылуының бірі. Зорлыққа жол бермеуіміз керек. Бал денсаулығы мен өмірге қауіпті жағдайға дендерлік денсаулық, бұлжытпай теріс мағынада пайдалану және жасөспірімдердің денсаулығына бағыту алады. Зорлық-зомбылық әйелдерін қорқытпай өмірге араласуына келерін қалдырады. Гендерлік зорлық-зомбылық құбылысын мен қорқытпай арасындағы байланысты анықтап, адамгершілік тәрбиелілік пен экономикалық дамуға жол жеткізуге жол бермейді.

Ұйымдастырушы: Алпанбетова Г.Т.

«Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбында тренинг өткізілді. Өткізген педагог-психолог: Хаса Л.
Мақсаты:

- Білім алушыларға зорлық-зомбылық туралы қысқаша ақпарат беру.
- Адамға әдеттерден бойлары ауық ұстап, сондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы адам болып өсіруге ықпал жасау.

«Асыл сөзді білесен, Абайды оқы, ерінбе!» тақырыбында сайыс

арасында мәнерлеп оқу мен ән айту бойынша сайыс өтті.
Өткізген Малигова М.

Мақсаты: Абай Құнанбаевтың мол мұрасын мектепшілік сайыс арқылы насихаттау. Оқушының бойына ағыл мен парасатты, сөз құдіреті мен көркем сөздің мәйегін сіңіру, қастерлеу бітуге баулу. Сайыс өте жақсы деңгейде өтті. Мәнерлеп оқу сайысынан Сәтім Мейіржан орын алса, ән айтуда Байкенже Ақерке орын алды.

«Қазақстандағы Код сағатты» акциясы

Мектепте 5-9 сынып арасында «Қазақстандағы Код сағатты» акциясы ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқушыларға ақпараттық технологияларға, соның ішінде компьютерлік бағдарламауға қызығушылығын арттыру. Оқушыларға бұл науқанға қатысу өте қызықты болды. Электронды сертификатпен марапатталды.

«16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне» орай іс-шаралар

Құмай негізгі орта мектебінде 3-4 сыныптарда «16 желтоқсан-тәуелсіздік күні» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті.

Мақсаты: Оқушыларға тәуелсіздік кезінде қиыншылықтарды түсіндіру, еркіндікті аңсаған ұлт зияларына тоқталу.

Сынып жетекшілер: Малигова М., Жұмабек Т.

Даярлық топ оқушыларының 16 желтоқсан- Тәуелсіздік күніне орай салған суреттері.

Тәуелсіздік, туған жер, атамекен, өскен орта сынды құндылықтарды шығармашылық жұмыстарына арқау етіп, суреттерде бейнелеуге тырысып бақты. Тәуелсіздік күніне орай саюған оқушылардың жұмыстарын тамашалай отырыңыздар.

16 желтоқсан- Тәуелсіздік күніне орай 2 сыныпта «Тәуелсіздік – таң нұры» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Сынып жетекшісі: Арыстанова Д.

Тәрбие сағатының мақсаты : Қазақстан Республикасының тәуелсіздікке жеткен кезеңдерін көрсету, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық сезімін ояту.

Егемендіктің арқасында дүние жүзіне танымал ел болдық. Өнүранымыз, Туымыз бен Елтаңбамыз, қазақ тіліміз, төл теңгеміз бар. Егемендік үшін қан төккен аға – апаларымыздың ерлігін мәңгі есте сақтайық.

«Қысқы қауіпсіздік ережесі» орай мектепте 1-9 сынып арасында сынып сағаттары өткізілді.

Қантар айы:

3-5 қантар аралығында «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында «Сықырлы себет» арқылы әртүрлі жанрдағы кітаптар оқу ұйымдастырылды. Өткізген: Баєтова Н.К.

Мақсаты: сықырлы себет арқылы оқушылардың қысқы демалыстарында кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. Сол мерекелік көңіл күйге сықырлы себетіміз өз үлесін қосты. Сықырлы себеттің балаларды аралау оларға өте қызықты болды. Нәтижесі ретінде оқыған кітаптарының желісі бойынша суреттер салды

Қарытынды: өткізілген іс-шара сапалы өткізілді деп танылды жақсы деген баға берілді.

8-11 қантар аралығында «Жемқорлықтың тарихы тамыры» тақырыбында 1-9 сыныптарда сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға «Сыбайлас-жемқорлық» ұғымын түсіндіру, ол неден туындайды және оны болдырмау себептерін үйрету. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділ болуға, патриоттыққа тәрбиелеу.

2 сыныпта «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Сынып жетекшісі: Арыстанова Д

15-19 қантар аралығында «Мен және менің болашақ мамандығым» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Сынып жетекшілер: Малигова М. Амантай Қ.

Мақсаты: Мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру, мамандық таңдауға көмектесу, бағыт-бағдар беру және психологиялық қолдау көрсету.

Қорытынды: Бес саусақ бірдей емес дегендей әр адам өзінше қызықты, әр адам өз қалауы бойынша мамандық таңдайды. Жаман мамандық деген болмайды, мамандықтың бәрі жақсы,

Сынып сағатты жақсы дегейде өтті.

21-26 қантар аралығында «Ерте жыныстық қарым-қатынастың алдын алу» ұйымдастырылды.

Мақсаты: қыз балалары а тәрбиеленуі туралы түсініктерін орта мектептің ресурстық қызметін толық қамтамасыз ету, мектептің баланың дүниеге келуінің алдын-алу және және мектептің нығайтылуына әсер ету.

Қорытынды: Өткізілген тәрбие сағаты жақсы өтті.

Ұйымдастырушы: Аюбекова Т.Т

27 ақпан-1 наурыз аралығында «1 наурыз алғыс айту» мерекесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқушылардың «сыйласық» құндылық туралы түсініктерін кеңейту. Ризашылық, рақмет, алғыс туралы түсінік беру. Үлкен -кішіге деген сүйіспеншілігін, сыйлайлық қарым-қатынасын дамыту.

Әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.

Қорытынды: « Алғысым шексіз» тәрбие сағаттары өте қызықты өтті. Оқушылар көңілді күйде болды. Оқушылар «сыйластық» құндылығы туралы түсінік алды. Әдептілікке, ізеттілікке тәрбиеленді. «Мұғалім -оқушы», «оқушы-оқушы» арасында сыйлайлық қарым-қатынас дамыды.

7 наурыз аралығында «8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні» мерекесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Анаға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру, ананы құрметтеу, сыйлай білуге, оқушылар бойындағы жеке бабілеттері мен таланттарын дамыту, адамгершілікке, ізгілікке, достықты қастерлей білуге тәрбиелеу.

- Ана туралы әндер шырқалды

- Оқушылар бірігіп көрініс қойды

- Оқушылар тақпақтарын айтып, аналарын, әжелерін, ұстаздарын

құттықтады.

- Мектебіміздің ұлары ұжымы қыздарды құттықтап, сыйлықтарын сыйлады.

Қорытынды: мерекелік кеш жақсы деңгейде өтті. Нәзік жанды аруларымыздың қоғамдағы рөлі айтарлықтай екендігін дәлелденді, оларға қуаныш сыйланды.

Оқушылардың оларға деген ізгі ниеттерін көрсетілді.

14 наурыз көрісу күні-амал мерекесіне орай іс-шара өтті

Мақсаты: Оқушыларды қазағымыздың салт-дәстүрлерінің бірі амал мерекесінің ерекшелігімен таныстыру және үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге сыйластыққа баулу.

14 наурыз-көрісу күні. Бұл күнде амал мерекесі деп те аталады. Адамдар осы күні бұрынғы өкпе-ренішін кешіріп, бір-біріне амандық-саулық тілейді. Көрісу күнінде жасы кіші адам үлкен кісінің үйіне барып

көрісін шығады. міндетті түрде кем дегенде үш үйдің есігін ашу керек деген ырым бар.
Береке мен бірліктің мейрамы көрісу күні әр сынып оқушыларымен челленджі жасады

2024 жылдың 15 наурызында « Қайырымдылық» күні аясында балалардың жазғы демалысына «Қазақстан халқына» ҚҚ сертификаттарын тапсыру бойынша салтанатты іс-шара өтті.

« Қазақстан халқына» қоғамдық қорға Наурыз мерекесі аясында өтетін «Қайырымдылық» күніне орай, балалардың жазғы демалысын қамтамасыз ету мақсатында.

« Он жаздық жолдама-2024» қайырымдылық жобасы бойынша 2 жолдама Красивинский ауылдың округі әкімі Жармағанбетов С.Р мектеп директоры Мұса Е. сертификаттарды табыс етті.

18 Наурыз « Ұлттық киім күні» орай іс-шара өтті

«Ұлттық киім күні» челлендж

Мақсаты: қазақ халқының салт- дәстүрін, мәдениетін және ұлттық киімдерінің мәні мен мағынасын үйлесімділігі туралы айтып отырып, оқушылардың ұлттық сана-сезімін ояту.

Ұлттық киім күні. Ұлт рухының шағылысы. Ұлттық киімге арналған бұл күн ата-бабамызды, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыптарды еске алатын ерекеше кезеңге айналады.

15 Наурыз менда « Біз экстремизм мен терроризмге қарсымыз» іс-шара өтті.

Мақсаты: Діни экстремизм-қоғамда қалыптасқан діни құндылықтар мен ұстанымдарды мойындамау, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жолдарын насихаттау.

Шара аясынла ДТІЖО Аюбекова Т.Т. « біз терроризм мен экстремизмге қарсымыз» тақырыбындағы мақалаларға шолу жасады. Дөңгелек үстелге 5-9 сынып оқушылары қатысып, дін, экстремизм мен терроризмнің зиянды әрекеттеріне тоқталып, өз ой пікірлерін бөлісті. Шара барысында «Терроризм-қоғам алдындағы қатер» атты видеоролик көрсетілді.

Қорытынды: діни экстремизм мен терроризмге қарсы өткізілген іс-шара сапалы өткізілді деп танылып жақсы деген баға берілді.

20 наурыз «Ұлыстың ұлы күні-Наурыз мейрамы» мерекесіне іс-шаралар өтті.

Мақсаты: Наурыз мерекесі ұлттық салт-дәстүрімізбен, әдеп-ғұрпымызбен байланысты насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін артыру.

1. « Ұлыстың ұлы күні-Наурыз мейрамы» мерекесіне орай жоспар бойынша суреттер көрмесі. Сынып жетекшілер.

2. « Ұлттық ойын-ұлтигілігі» ойындар ұйымдастырылды.
Өткізген: Мустафин Е.Т.
3. Наурыз мерекесі ұлттық тағамдардан жайылған дастархан жауапты
Жұмабек Т
4. «Ұлттық киімдер» челлендж жауапты Малигова М.
5. «Төрлет, төл мереке Әз наурыз!» концерт ұйымдастырушы
Аюбекова Т.Т

Осы ретте мектебімізде 0-9 сыныптар арасында Наурыз мерекесіне арналған іс-шарасы өткізілді.

Іс-шарада оқушылар ән айтып жырдан шашу шашып, би билеп, өздерінің игі ақ тілектерін білдірді.

Іс-шара соңында ақ дастарханнан наурыз көже ішіп, астан дәм татты.

Қорытынды: Наурыз мерекесіне орай оқушылар ұлттық спорт ойындарын ойнату арқылы оқушылардың ұлттық ойынға деген қызығушылықтары артты. Наурыз мерекесіне арналған концерттік кеш жоғарғы дегейге өтті. Бұл концертте қазақ ұлтымызды салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыпын насихатталды. Оқушылардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттырды.

19.03 -күні « Көктем мезгіліндегі оқушылардың өмір қауіпсіздік ережелері» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Мақсаты: көктем мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру, оқыс оқиғалардың алдын алу, оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау.

Жиналыс барысында Директордың ТГЖорынбасары

Аюбекова Т.Т қысқаша мәлімдеме жасады. алды

«Мұз қату кезіндегі оқушылардың мұз үстіндегі қайғылы жағдайларын ережесі»

«Жылу маусымы кезіндегі газдан, пештен, электр қуатынан болатын өрт және түтіннен уланудың алдын алу ережесі» туралы ата-аналарға түсіндіріп қауіпсіздікті сақтау әр ата-ананың міндеті екенін ескертті.

Сынып жетекшілер ата-аналарға қауіпсіздік ережелерге қол қойғызып алды.

Қорытынды: іс-шараға 2-9 сынып ата-аналар түгел қамтылды, ата-аналар қауіпсіздік ережелерімен танысып қол қойды.

Балалардың қауіпсіздігіне мұқият қадағалау жасаймыз деген шешімге келді.

Көктемгі су тасқыны кезіндегі мұздадағы қауіпсіздік шаралары.

Көктемнің келіумен күн сәулесінің әсерінен мұз тез ереді. Күн сайын мұз борпылдап әлсіз болады. Мұндай мұз қозғалуына үлкен қауіпті нәрсе. Судың жоғарлау кезеңі, бізден тәртіпті, мұқият болуды, мұзбен суда қауіпсіз жүхүріс тұрыс ережелерін сақтауды талап етіледі. Мұз кентелістеріне жақындамаңыз. Есіңізде болсын! Бұл кезде мұз ойындары, қайықпен жүру қолдан жасалынған жүзу құралдарымен су бетіндегі жүзу өмірге қауіп төндіреді.

Көктемгі су тасқыны мен мұздың жылжу кезеңінде тыйым салынады

- 1 Су обектітеріне шығу
- 2 Мұз қатту кезінде өзеннен өту.
- 3 Мұз кептелістеріне жақындау
- 4 Мұз беткейлерінемен жүру және оларға міну.
- 5 Мұз кептелісі бар жерлерге өзенге жақындау
- 6 Су басуға және опыруға ұшырайтын тік жағалауда тұру.
- 7 Сақ болыңыз көктемдегі мұз

12 сәуір -Ғарышкерлер күніне орай өткізілген тәрбие сағат.

Тақырыбы: «Ғарышқа саяхат»

Мақсаты: Балаларға ғарыш және ғарышкерлер туралы толық түсінік беру, білімдерін одан әрі кеңейту, сыйластыққа тәрбиелеу, 2-4 сыныптар арасында сынып сағатары өтті

«Бірлігіміз жарасқан»

1 мамыр бірлік күніне арналған мерекелік іс-шара

1 мамыр бірлік күніне орай өткізілетін іс-шаралар жоспарын құрып, бекітті. Осы жоспар негізінде төмендегі іс-шаралар атқарылды.

Жоспарға сәйкес 2-9 сынып жеткешілері сынып сағатарын өткізді.

Мақсаты: Халықтар арасындағы достықты нығайтуі, осы мақсатта достық қарым-қатынастарын қалыптастыруды жалғаластыру, Қазақстанның өркендеуіне достық арқылы өз үлестерін қосуға баулу.

Іс-шараларда «Бір шаңырақ астында»

Әр ұлттық киіммен

Әр ұлттық би және ән

Әр ұлттық тағам оқушылар өз өнерлерін көрсетті іс-шара жақсы деңгейде өтті.

7 Мамыр-отан қорғаушылар күніне орай өткізілетін іс-шаралар

7Мамыр-отан қорғаушылар күніне орай өткізілетін іс-шаралар жоспарын құрып, бекітті. Сол жоспарға сәйкес сынып жетекшілері сынып сағаттарын өткізді. Онда оқушылар туған жер, отан туралы патриоттық тәрбие береотырып ер азаматтарды сыйлауға, салт дәстүрді сақтауға бірнешеге ақпараттар алды.

Мақсаты: Оқушыларға Отанды сүйуге,ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріштеу.

Тәлімгер: Амантай Қ. Мектебіміздің 2-сынып оқушыларын балалар мен жасөспірімдер ұйымының кіші тобы «Жас қыран» - ға қабылданды.

5 оқушы қабылданды. Салтанаты жинымызда мектеп директоры Мұса Е. апай ашып берді. Ұйымға қабылданатын оқушылар тактақтарын, әндерін айтып,бірауыздан ант қабылдады. Галстук тағу рәсімі

Ұланбасшы: Едилбаева Т берілдіОқушыларымыз жас қыран ұйымының

мүшесі отанымыздың алдағы уақытта «Жаңа ұлан» балалар ұйымынан жұмысты өз үлесі үшін қосатын болады.

9 мамыр - және күніне орай өткізілетін Іс-шаралар мектепте 9 мамыр- және күніне орай Іс-шаралар жоспары жасалынған бекітілді.

Мақсаты: Жас ұрпақты бойбiтiнiлiктi сақтауға және тәрбиеленуiне, өз отанын сүйуге, отанымыздың самсағын қамдауға, ерлiкке, адал, батыл болуға тәрбиелеу.

9-мамыр Және күніне орай 2-9 сыныптар арасында бiрiншiлiк тәрбие сағаттар өтi.

Қорыта келе оқушылар ұрпаққа ұлан бөлiнiп Және күнінi қандай жер ерiкпен келгендiгiн ұғанды. Ерiк даңқы ешқашан өшпейтiнiн түсiндi.

2023-2024 оқу – жылының қорытындысында өткiзiлетiн Іс-шаралардың мақатты балаларды әлеуметтiк, қоғамдық тәрбиеге баулу.

Былды оқу жылының соңғы айы «Мамыр- ынтымақ айы» айлығы деп аталып, ақта сайын әлеуметтiк игi шаралармен қамту ұсынылды.

3 Мамыр «Таза Қазақстан»

8 Мамыр «Игi iстер» (акциясы)

17 Мамыр «Каникул кiтап оқнық»

24 Мамыр «Мен Мектеп Үстаз» тақырыбында

9 сынып эссе

«Бiлiмiм -Отаным»

Бiрiншiлiк тәрбие сағаты: 09:00 де өтi.

Өткен жалпы мектептiк ата-аналар жиналысы туралы

21.05.2024 жылы мектепте жалпы мектепшiлiк ата-аналар жиналысы өткiзiлдi. Жиналыс «Ата -ана бала махаббаты» атты тренингтен басталды. Тренинг бастамас бұрын мектеп директоры Мұса Е. сөз берiлдi.

Директор алдағы жаздық каникулда ата-аналарға және балаларға көңiлдi демалыс тiледi. Жиналыс барысында сынып жетекешi жұмабек т баяндама оқыды. Тренингке барлық ата-аналар белсене қатысып, керi байланыс жасады. Ата-аналар бiр-бiрлерiне жағымды көңiл-күй тiлеп, постер қорғап, видео-сұрақтарға жауап бердi.

Тәрбие iсiнiң меңгерушiсi Аюбекова Т.Т алдағы тәрбие сағаттары және каникул кезiндегi қауiпсiздiк ережелерiмен таныстырды.

Оқу iсiнiң меңгерушiсi Малынова М. ата-аналарды қортынды бағалармен және баға көрсеткiштерiмен таныстырды. Тренинг өткiзген мектеп психологы **Хиса Л.Ж**

«Бiлiмiм -Отанам» жалпы республикалық бiрiншiлiк тәрбие сағаты өтi.

Оқу жылының аяталуына орай өткізілген тәрбие сағатында сынып жетекшілері оқушылармен және ата-аналармен бірлесіп оқу жылын қортындылады.

Бұл- 2 және 9 сынып оқушыларына арналған шара. Сынып сағаты 9.00-де Мемлекеттік Әнұранмен басталды. Одан кейін білім алушылар Оқу-ағарту министрінің жолдаған құттықтау сөзін тандады. Бүгінгі іс-шара ата-аналардың қатысуымен ерекше форматта өтті. Мұнда сынып жетекшілері оқушылармен және ата-аналармен бірлесіп оқу жылын қортындылады. Тәрбие сағатында білім, өнер, спорт салаларында жеткен жетістіктер айтылды.

2023-2024 оқу жылының оқу сәтсіз үздік оқушыларды марапаттау, мектепшілік іс-шараларға қатысқан, аудандық жарыстарға қатысқан оқушыларды марапаттау, Ата-аналарға алғыс хат табыстау. Балаларды ұстаздарды құрметтеуге, білім ұясына қамқор болуға, білім алуға күштар болуға, жыл бойы алған білімнің нәтижесін қортындылау мақсатында өткізілген тәрбие сағатына 2-9 сыныптың барлық білім алушылар қатысты.

«Мектепалды даярлық тобы I сыныпқа шығарып салу»

Тақырыбы: Біз мектепке барамыз

Мақсаты: балалардың жыл бойы алған білімдерінің, үйренген жұмыстарының нәтижесін көрсетіп, балалардың сөздік қорын, тілін, ой-өрісін кеңейту. Ойын дамыту мен оларды ұйымшылдыққа отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Ұйымдастырушы/ Арыстанова Д

I маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне орай өткізілген іс-шара

Тақырыбы: «Біз бақытты баламыз»

Мақсаты: балалардың алған білімдерін кеңейту, ойлау қабілеттерін дамыту, және және денсаулығын нығайту мақсатында.

Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, тақпақ, өлең, әндерді нақышына келтіре айтуға үйрету.

I маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне сай безендірілген.

Оқушылар ән айтып, би билеп, ойындар ойнады. Балаларға арналған іс-шара жақсы деңгейде өтті.

Мектеп директорының м.а.:

Директордың ТІЖ орыенбасары:

Мұса Е.

Аюбекова Т.Т.